

## Қазақстан Республикасы Конституциясының 75-бабының 4-тармағын ресми түсіндіру туралы

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесінің 2006 жылғы 14 сәуірдегі N 1 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, Төраға И.И.Рогов, Кеңес мүшелері Х.Ә. Әбішев, Қ.Ж.Балтабаев, Н.В.Белоруков, С.Ф.Бычкова, А.М.Нұрмағамбетов, Ү.М.Стамқұлов қатысқан құрамда, мыналардың:

өтініш субъектісінің өкілдері - Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігінің төрағасы Ә.К.Арыстановтың және Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі Д.Р. Құсдәулетовтың,

Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі Қ. Н. К е л і м б е т о в т ы ң ,

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары Р.С.Жошыбаевтың,

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің өкілдері - Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары А.М.Жамалов пен М.Б.Тінікеевтің,

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының өкілдері - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьялары Ж.Н.Бәйішев пен А.Н.Жайылғанованың,

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының өкілі - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары А.Қ.Дауылбаевтың қатысуымен,

өзінің ашық отырысында Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Д.К.Ахметовтың Қазақстан Республикасы Конституциясының 75-бабының 4-тармағын ресми түсіндіру туралы өтінішін қарады.

Қолдағы бар материалдарды зерделеп, баяндамашының - Конституциялық Кеңестің мүшесі С.Ф.Бычкованың хабарламасын, өтініш субъектісі өкілдерінің және отырысқа қатысушылардың, сондай-ақ сарапшылардың - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ гуманитарлық-заң университетінің Жеке құқық ғылыми-зерттеу институтының директоры М.К.Сүлейменовтың, заң ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры Б.Х.Төлеубекованың сөйлеген сөздерін тыңдап және заң ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры Е.Қ.Көбеевтің қорытындысымен танысып шығып, **Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі** мынаны

**анықтады:**

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесіне 2006 жылғы 23 наурызда Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Қазақстан Республикасы Конституциясының 75-бабының 4-тармағын ресми түсіндіру туралы өтініші келіп түсті, онда мынадай сұрақтар қойылған:

"1. Көрсетілген конституциялық нормада арнаулы сот деп не ұғынылады?

2. Конституцияның 75-бабы 4-тармағының контексіндегі "арнаулы сот" пен "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Конституциялық заңда көзделген "мамандандырылған сот" ұғымдары арасындағы айырмашылық қандай?"

Конституциялық Кеңестің отырысында өтініш субъектісінің өкілі, "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 2737 Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 21-бабы 2-тармағының 4) тармақшасымен және 3-тармағының 1) тармақшасымен көзделген құқығын пайдалана отырып, Конституциялық Кеңестің мынадай қосымша сұраққа жауап беруі туралы өтінішін мәлімдеді: "Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізген "Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығын құру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы заңдары жобаларының контексінде Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының мамандандырылған сотының негізгі сипаттамалары Қазақстан Республикасының Конституциясынан келіп туындайтын қандай талаптарға сай келуге тиіс?"

Бұл өтінішті Конституциялық Кеңес ішінара қанағаттандырды. Өтініш субъектісі өкілінің келісімімен, бұл сұрақ мынадай редакцияда қарауға қабылданды: "Қазақстан Республикасының мамандандырылған соттары Қазақстан Республикасы Конституциясының талаптарынан келіп туындайтын қандай негізгі сипаттарға ие болуға тиіс?"

Отырыста анықталғанындай, көрсетілген қаржы орталығына қатысушылардың дауларын қарайтын соттың құрылуы мен қызметі мәселелерін регламенттейтін "Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығын құру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" заңдар жобаларының нормаларына қатысты Конституцияның 75-бабы 4-тармағының ережелерін біркелкі түсінудің болмауы Конституциялық Кеңеске жүгінуге себеп болған.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 75-бабының 4-тармағын ресми түсіндірген кезде Конституциялық Кеңес мынаны негізге алды.

1. Негізгі Заңның 75-бабының 1-тармағы "Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады", - деп белгілейді. Конституциялық Кеңестің 2002 жылғы 15 ақпандағы N 1 қаулысына сай, бұл конституциялық норма мемлекеттік биліктің сот тармағын білдіретін органдар ретінде соттар ғана сот төрелігін жүзеге асыратындығын білдіреді. Бұл ретте, Республика Конституциясымен және конституциялық заңмен белгіленетін Республиканың бірыңғай сот жүйесіне кіретін, заңмен құрылған Жоғарғы Сот және жергілікті соттар Республиканың соттары болып табылады (Конституцияның 75-бабының 3 және 4-тармақтары).

Негізгі Заңның 75-бабы 3-тармағының және 82-бабының ережелері соттардың үш деңгейлі жүйесін және оның құрылымына қойылатын жалпы талаптарды айқындайды: Жоғарғы Сот, облыстық және оларға теңестірілген соттар, "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" 2000 жылғы 25 желтоқсандағы N 132-II Конституциялық заңға (бұдан әрі - Конституциялық заң) сәйкес басқа соттар дегенде түсінетін аудандық және оларға теңестірілген соттар.

Негізгі Заңның "Соттар және сот төрелігі" деп аталатын VII бөлімінің нормаларын дамыта және нақтылай түсетін Конституциялық заңның 4-бабында, Қазақстанның сот жүйесінің бірлігі:

- 1) барлық соттар мен судьялар үшін ортақ және бірыңғай сот төрелігі принциптерімен;
- 2) сот билігін барлық соттар үшін сот ісін жүргізудің заңдарда белгіленген бірыңғай нысандары арқылы жүзеге асырумен;
- 3) Қазақстан Республикасының барлық соттарының қолданыстағы құқықты қолдануымен;
- 4) заңдарда судьялардың бірыңғай мәртебесін баянды етумен;
- 5) заңды күшіне енген сот актілерін Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында орындаудың міндеттілігімен;
- 6) барлық соттарды тек қана Республикалық бюджет есебінен қаржыландырумен қамтамасыз етіледі, деп бекітілген.

Конституцияның 75-бабының 4-тармағында "қандай да бір атаумен арнаулы және төтенше соттарды құруға жол берілмейді" деген ереже бар.

"Төтенше соттар" және "арнаулы соттар" ұғымдарының анықтамасы оларды түсінуге деген әртүрлі (тарихи, салыстырмалы-құқықтық, логикалық және т.б.) көзқарастарға негізделеді.

Мәселен, отандық сот төрелігінің дамуына жасалған талдау, оның түрлі кезеңдерінде төтенше де, арнаулы да соттардың құрылып, қызмет істегенін көрсетеді.

Төтенше соттар (революциялық трибуналдар, БТК органдары, ПХК-тің "үштіктері" мен "екіліктері", әскери-революциялық және әскери-дала соттары және т.б.) тоталитарлық режим жағдайында, дағды бойынша, саяси сипаттағы нақты бір оқиғаларға байланысты құрылатын арнаулы сот немесе квазисот органдарын білдіретін

. Әдетте олар сот жүйесінен тыс қалыптастырылатын. Төтенше соттардың қызметі сот төрелігінің түбегейлі демократиялық принциптерінен (соттың тәуелсіздігі, заңдылық, жариялылық, айыпталушының қорғалу құқығы және т.б.) бас тартумен қатар жүретін және жеңілдетілген процедура бойынша іске асырылатын, бұл адамның құқықтары мен бостандықтарына елеулі нұқсан келтірілуіне әкеп соқтыратын.

Соңыра кейбір төтенше соттар және соттан тыс органдар арнаулы соттар болып өзгертілді. "КСРО-ның, одақтық және автономиялық республикалардың сот құрылысы туралы" КСРО-ның 1938 жылғы 16 тамыздағы Заңының 53-бабынан келіп шығатыны, КСРО Конституциясының 102-бабы негізінде КСРО-ның мынадай арнаулы соттары қызмет істеген: әскери трибуналдар; теміржол көлігінің желілік соттары, су көлігінің ж е л і л і к с о т т а р ы .

Көрсетілген арнаулы соттар мынадай белгілерге ие болатын: 1) жалпыодақтық соттар болып табылатын; 2) істердің ерекше күрделілігіне, судьялардың оларды қарау үшін арнаулы білімі мен тәжірибесі қажет болатынына қарай отырып немесе қылмыстық іс-әрекеттердің жекелеген санаттарының елдің қорғаныс қабілеті мен шаруашылық дамуына ерекше қауіптілігін ескере отырып жеке бөліп алынған арнайы санаттағы істерді қарау үшін құрылатын; 3) КСРО-ның сот жүйесі шеңберінде, КСРО Жоғарғы Сотының арнаулы алқалары басшылық жасайтын соттардың дербес үш буынды кіші жүйелерін құрайтын; 4) олардың құрылысы, құзыреті және судьяларға өкілеттік берудің тәртібі, әрқезде де заң деңгейінде бола бермейтін, арнаулы (кей кездері құпиялылық белгісі бар) нормативтік құқықтық актілермен регламенттелетін; 5) тиісті атқарушы билік органдарынан ұйымдық бағыныстылықта немесе тәуелділікте болатын; 6) олардың кейбір жағдайларда істер бойынша сот төрелігін жүзеге асыруы, іс жүргізу заңдарымен басқа соттар үшін белгіленген сот ісін жүргізу тәртібінен бөліп ала отырып іске асырылатын, бұл адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтірілуіне жағдай жасайтын.

Бұдан бұрын болған арнаулы соттарға жасалған талдаудан, сондай-ақ Конституцияның 75-бабы 4-тармағының мағынасынан, олардың мынадай белгілермен сипатталатындығы туралы ұйғарым келіп шығады:

- олардың құрылысы, құзыреті және құрылу тәртібі Конституциямен және конституциялық заңмен емес, арнаулы нормативтік құқықтық актілермен р е г л а м е н т т е л е д і ;

- олардың сот төрелігін жүзеге асыруы, өзге соттар үшін заңдармен белгіленген сот ісін жүргізу тәртібінен алынып тастаулар қолданыла отырып жүзеге асырылады, бұл адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтірілуіне жағдай ж а с а й д ы ;

- олар құрылған және қызмет істеген кезде Конституцияның 3-бабының 4-тармағымен көзделген мемлекеттік биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну принципі сақталмайды, бұл арнаулы соттардың биліктің

атқарушы тармағы органдарынан ұйымдық бағыныстылығынан немесе тәуелділігінен көрінеді.

Конституцияның 75-бабының 4-тармағында берілген "арнаулы сот" ұғымы, қорыта алғанда, осы көрсетілген белгілердің тым болмаса біреуіне ие болған соттарды белгілеу үшін пайдаланылады.

2. Негізгі Заңның 13-бабының 2-тармағымен кепілдік берілген әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы, Конституцияға және конституциялық заңға сәйкес құрылып, сот төрелігін жүзеге асыратын соттарда ғана жүзеге асырылады. Бұл конституциялық құқықтың жүзеге асырылу механизмі " сот жүйесінің ұйымдық-құқылық құрылуының және сот төрелігі іске асырылуының мәселелерін реттейтін Республика заңдарында белгіленеді" (Конституциялық Кеңестің 1999 жылғы 5 мамырдағы N 8/2 қаулысы). Соттар құрылған кезде Конституцияның 14-бабы 1-тармағының заң мен сот алдында жұрттың бәрінің теңдігі туралы талаптары сақталуға тиіс.

Бұл әскери, экономикалық, әкімшілік, кәметке толмағандар ісі жөніндегі және басқа соттар түрінде құрылу мүмкіндігін Конституциялық заңның 3-бабының 3-тармағы көздейтін мамандандырылған соттарға да қатысты.

Мамандандырылған соттар құрудың қажеттілігі, дағды бойынша, сот ісін жүргізуді оңтайландыруға байланысты факторлардан келіп туындайды, істердің бөліп алынған санаттарымен айқындалатын судьялардың мамандануы солардың ішіндегі ең бастысы болып табылады.

Мамандандырылған соттар Республиканың сот жүйесінің бірлігін қамтамасыз ететін конституциялық талаптарға сәйкес болуға тиіс. Сондықтан олардың сот жүйесіндегі орны конституциялық заңмен айқындалуға тиіс. Барлық соттардағы секілді, мамандандырылған соттарда сот билігі сотта іс жүргізудің азаматтық, қылмыстың және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы жүзеге асырылады (Конституцияның 75-бабының 2-тармағы).

Конституцияның 75-бабы 3-тармағының "заңмен құрылған Республиканың Жоғарғы Соты және Республиканың жергілікті соттары Республиканың соттары болып табылады" деген ережесінен, мамандандырылған соттар жергілікті соттар ретінде ғана құрылуы мүмкін екендігі келіп шығады.

Мамандандырылған соттардың мәртебесі Конституциялық заңның 3-бабының 2 және 3-тармақтарымен айқындалады. Олардың мазмұнын негізге ала отырып, мамандандырылған соттар облыстық та, аудандық та соттарға теңестірілуі мүмкін.

Мамандандырылған соттардың соттылығы істердің өзіндік ерекшеліктерін, күрделілігін, қоғамдық маңыздылығын, тез және тиімді түрде шешілуін қамтамасыз ету қажеттілігін ескере отырып процессуалдық заңдармен белгіленуге тиіс (Конституциялық Кеңестің 1997 жылғы 6 наурыздағы N 3 қаулысы).

Сот жүйесінің бірлігі принципін негізге ала отырып, Конституциялық заңда қандай



3) олар құрылған және қызмет істеген кезде Конституцияның 3-бабының 4-тармағымен көзделген мемлекеттік биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну принципі сақталмайды, бұл арнаулы соттардың биліктің атқарушы тармағы органдарынан ұйымдық бағыныстылығынан немесе тәуелділігінен к ө р і н е д і .

Конституцияның 75-бабының 4-тармағында берілген "арнаулы сот" ұғымы, қорыта алғанда, осы көрсетілген белгілердің тым болмаса біреуіне ие болған соттарды белгілеу үшін пайдаланылады.

2. "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" 2000 жылғы 25 желтоқсандағы N 132-ІІ Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 3-бабының 3-тармағымен көзделген мамандандырылған соттар, Конституцияның 75-бабының 4-тармағында көрсетілген арнаулы соттардан айырмашылығы, Қазақстан Республикасының бірыңғай сот жүйесінің құрамдас бөлігі б о л ы п т а б ы л а д ы .

Қазақстан Республикасының мамандандырылған соттары Конституцияның талаптарынан келіп туындайтын мынадай сипаттарға ие болуға тиіс:

1) мамандандырылған соттар Қазақстан Республикасының бірыңғай сот жүйесіне жергілікті соттар ретінде кіруге тиіс;

2) олардың сот жүйесіндегі орны (облыстық немесе басқа жергілікті соттарға теңестірілуі) конституциялық заңмен айқындалуы тиіс;

3) мамандандырылған соттарда сот билігі сотта іс жүргізудің азаматтық, қылмыстық және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы жүзеге асырылуы тиіс;

4) мамандандырылған соттардың соттылығы заңмен белгіленуі тиіс;

5) мамандандырылған соттарға қатысты сот шешімдерін қайта қарау мүмкіндігі толық күйінде қамтамасыз етілуі тиіс. Шағымдану және қадағалау сатыларының соттары ретінде тиісті мамандандырылған соттар да, басқа соттар да, соның ішінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты да болуы мүмкін;

6) мамандандырылған соттардың ұйымдық-құқықтық құрылуы және оларда сот төрелігінің жүзеге асырылуы, адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына, сондай-ақ заң мен сот алдында жұрттың бәрінің теңдігіне деген конституциялық құқықтарына нұқсан келтірілуі мүмкіндігін болдырмайтын заң нормаларына негізделуі тиіс.

3. Мамандандырылған соттардың осы санамалап берілген сипаттамалары оларды арнаулы соттардан ажырататын негізгі белгілер болып табылады.

4. Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабының 3-тармағына сәйкес қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді, шағымдануға жатпайды,

Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті және Қазақстан Республикасы Конституциясының 73-бабының 4-тармағында көзделген ретті ескере отырып, түпкілікті болып табылады.

5. Осы қаулы республикалық ресми басылымдарда қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы*  
*К о н с т и т у ц и я л ы қ      К е ң е с і н і ң*

*Төрағасы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК